



Қасым ақын айтқандай, «күркіреп күндей, өтті ғой соғыс». Уақыт өзі салған жарасын өзі жазды. Арбаның дөңгелегіндей айналып жылдар өтті. Кешегі іште қалған, жалғыз ұлы Сапар да ержетті. Шофер оқуын оқып, машина айдады. Бригадир, есепші, кейіннен Қарсақбай совхозының «Пионер» бөлімшесінің меңгерушісі де болды. Анасын жалғызсыратпаймын деп, Қарсақбайдың бір қызы Жұмакүлді алып-қашып, келін түсіріп берді. Жыртық көңілін қымтап ұстай білген Байғайша бұл тіршілігіне шүкіршілік етті. Ашыққан қарын тойынды, ашылған етек жабылды, бірақ-та көрген қиындығы естен кетпейді. Немерелерін бауырына баса отырып, Сталин колхозында бірге еңбек еткен замандастарын жиі еске алатын. Балау, Балқия,

41-ші ЖЫЛҒЫ КЕЛІНШЕК

Сапабек СҮЙІН.

Қалтай Мұхаметжановтың «Ұрының үлкені – уақыт, анданда сағатыңа қарап қой» дегені бар. Расында, мезгіл – сынап, уақыт ұры екен. Мың төрт жүз он сегіз күн, мың төрт жүз он сегіз күн. Бұл төрт жылға созылған соғыс. Миллиондаған адам құрбаны, миллиондардың жүрегіндегі жазылмас жара. Уақыт заманы өтеді, бірақ шындық қалады.

Соғыстан соңғы кезең,
жүдеткен ең,
Нан тапшы, қуыршақ жоқ,
тіректе кем.
Жанашыр, мейірімді еді,
адам біткен,
Сол ғана аш қарынға,
жүрекке ем.
Фариза ақынның осы өлеңін оқи отырып, мен бүгін жырға лайық нағашы жеңгем туралы әңгімелеймін.

Соғыс басталғанда Биғайша Әбдікәрімқызы небәрі 22 жаста еді. Болатшы Төкей әулетінің босағасын келін болып аттағанына жылдан асқан-ды. Жолдасы Есет еті тірі жігіт еді. Атақты ашы болған. Москва барды. Ондағы халық шаруашылығы көрмесінің құрметті қонағы болды. Тіршіліктің тазасын қалағыз жақсылыққа жаны жақын жас жұбайлар Сталин колхозының сан-салалы науқанды жұмыстарына белсене қатысып жүрді. Жастықтың буына оралып жүрген қуанышты күндері көпке созылмады. Ұйыған сүттей бейбіт тыныштықты соғыс бұзды. Ел ерулі, азаматы атқа қонды. Көптің бірі болып Есетте ауылдың қасқа жолымен батысқа аттанды. Кеудесінде шыбын жаны бар бала-шаға бар ауыртпалықты өзіне алды. Қажетті келік күші мен техника майданға жөнелтілді. Байқоңыр өзенін бойлай шығыр салынды. Әуіт қазды, қол соқамен жер жыртылды. Алынған астық алдымен майданға жөнелтілді. Ашөзек бала-шаға «бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін» ұранын жалау етті.

Жары майданға аттанғанда аяғы ауыр Биғайша ай салмай дүниеге ұл өкелді. От пен оқтың арасында жүрген амандығын тіледі ме ағайын-туыстар атын Сапар қойды. Алыстағы жар өмірінің қамшының сабындай болатынын Биғайша қайдан білсін. Артынша жыл өтпей «Қара қағаз» келіп жетті. «Нар көтере алмас қайғыны, өйел көтереді» деген рас екен. Қайғысына ортақтасқан ауылдастар, туған-туыстар ақыл берді. Әлі-ақ желеңің желпілдеген жассың деді. Әменгерлер де табылады. Биғайша бәрінен бас тартты. Қара қағазға сенбеді. Ол тірі деді. Қара қазан, сары баланың қамымен, күнделікті таусылмас бейнетпен белдесіп кетті.

Такееваларды, Зағипа Атабаева, Анаркүл Мәженова, Орнай Күнтоқова, Ибагүл Брзадина, Қалжан Дүйсекованы тағы басқаларды айтады. Зейнетінен гөрі өмірдің бейнетін көрген ақ жаулықты аналар бір тиын зейнетақы алалмай, бақилыққа кетті.

Алданған үміт, екінші басым алдамшы өмірден елу бес жасында қырық бірінші жылдың келіншегі Биғайша да өмірден озды. Ана арулап қойылды, жұма сайынғы дұғасын үзбеді. Бірақ та көлеңкеді қасынан қалмай жүрген бір қасірет бар еді. Ол кездеспей кеткен әке бейнесі. Бірде анасының төл құжатының қабының ішінде жасырылған «Қара қағазды» тапты. Оқыды, сенбеді. Өйткені анасы «әкең тірі» дейтін. Сауатты ұл Москва түбіндегі Подольскіге іздеу салды. Жыл салып Қорғаныс министрлігінің мұражайынан көп күткен хабар да келіп жетті. Есет Такеев Сталинград түбінде ерлікпен қазатауыпты. Бауырластар зиратына жерленген. Жалғыздың жаны шыр етті. Асығыс жолға жиналды. Әке жүрген бозғыл жусанды, бозша торғайлы боз даланың бір уыс топырағын ала кетті.

АҚШ жазушысы, майдангер журналист А.Верт Сталинград шайқасында Қызыл Армиядағы ең жүректі жауынгерлер қазақтар болғанын әділ жазды. Сталинград окоптарында ерлік көрсетіп, қаза тапқандар тізімі Мамай қорғанында алтын әріппен жазылған. Қаза тапқандардың арасында Есет батыр да бар. Өзін көрмесе де, мрамордағы әке атын оқыған ұлы туған жердің топырағын жатқан жеріне аманаттай аялап жеткізді. Анасы айта беретін «Әкең тірі» дегені осы ма екен. Әкенің екі жасын жасаған, бүгінгіңің шалы Сапар тағдырдың жазуымен алғаш тағзым етіп тұр. Әкені көрмедім демесе, өміріне өкпе жоқ. «Бала – бақыт, келін – құс, кемпір – қазына» дейді көпті көргендер. Жан жары Жұмакүл екеуі 9 бала, 5 келін, 10 немере сүйіп отыр. Өзі бір әулеттің аузына қарар үлкені болды. Алдында жүрсе айғайшы, қасында жүрсе – қамқоршы.

Қарап отырсаң бүгінгі күннің 70-80-дегі шалдарының өмірбаяны жетім. Майданнан қайтпаған әкелері оралғандардың өзі ауыр жарақатын жаза алмай шейт болып кетті. Атқан таң мен батқан күнін еншілеген менің замандастарым нар жүгіндей ауыр бейнетпен еңбек шежіресін жазды. Бұл әкенің қаны мен ана сүтінен дарыған қасиет болар. Ертең ел болып Жеңісті тойлайды. Ел аманатын арқалап, арасы сиреп қалған соғыс ардагерлеріне құрмет көрсетілері анық. Мүмкін бұл күні әкелер түске енер.